

**«Алаш аңсаған тәуелсіз ел» тақырыбындағы рух сағаттарының
ЕРЕЖЕСІ**

Мақсаты:

Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстанның жетістіктері мен табыстарын айту арқылы балалардың ел үшін мақтаныш сезімін нығайту.

Міндеттері:

- Оқушылардың тәуелсіздік туралы танымдық білім деңгейін арттыруына ықпал ету;
- Ұлт тұлғаларының өмірі мен еңбек жолын таныстыру арқылы тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруына мүмкіндік тудыру;
- Жас ұрпақты ұлт тарихының құнды жауһарларын зерделеп, болашаққа жеткізуге, насихаттауға бағыттау.

Іс-шара қатысушылары

Іс-шараға жалпы білім беретін мектептің 7-11 сынып оқушылары және колледж студенттері қатысады.

Өткізу тәртібі мен мерзімдері

2022 жылдың 10-20 қазан аралығында өтеді.

«Алаш аңсаған тәуелсіз ел» тақырыбындағы рух сағаттарының формасы:

- танымал тұлғалармен кездесу;
- дөңгелек үстел;
- пікір алмасу.

“Жастар жарқын болашаққа” CUP I облыстық пікірсайыс турнирі

Мақсаты: Жас ұрпақтың бойынша азаматтық позиция мен еркін ойлау, көпшіліктің алдында еркін сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру. Пікірсайыс қозғалысын дамуға ат салысу.

Міндеттері:

- оқушылар арасындағы пікірсайыс қозғалысын дамыту;
- оқушыларды пікірсайыс ойындарына, көпшілік алдында сөйлеуге баулу;
- пікірсайыс жеңімпаздарын марапаттау.

3. ТУРНИРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ МЕН ШАРТТАРЫ:

3.1. Пікірсайысқа мектепшілік іріктеуден өткен 9-11 сынып оқушылары қатысады (команда екі оқушыдан тұрады) және колледж студенттері қатысады.

3.2. Турнир қазақ тілінде өткізіледі.

3.3. Турнирге қатысатын топтар екі адамнан тұруы және классикалық үлгідегі киімде болуы тиіс.

3.4. Турнирге алғашқы тіркелген 30 фракция өтеді.

3.5. Ойынның форматы: Американдық – парламенттік формат (АПФ) өтеді, “Ең үздік” спикер іріктеу кезеңінің ұпайы бойынша анықталады.

3.6. Ойындар үш іріктеу кезеңінен және ¼ финал, жартылай финал мен финалдан тұрады.

3.7. Іріктеу қарарлары мен ¼ қарары алдын ала беріледі, жартылай финал мен финал қарары ойынның алдында жарияланады, фракцияның позициясы (үкімет/оппозиция) ойын алдында таңдалады.

4. ТУРНИРДІҢ ӨТКІЗІЛУ БАРЫСЫ:

4.1. Пікірсайыс турниріне қатысу үшін 2022 жылдың 20 қазанына дейін ulytau.obb@gmail.com электронды поштасына команда мүшелері мен жетекшісі туралы ақпарат қамтылған сұраныс хатты жіберуі тиіс. Белгіленген уақыттан кешіккен сұраныстар қарастырылмайды.

4.2. Турнирдің бағдарламасы:

9.00-9.30 командаларды тіркеу

9.30-10.00 турнирдің ашылу салтанаты

10.00-11.00 бірінші раунд

11.00-12.00 екінші раунд

12.00-13.00 үшінші раунд

13.00-14.00 түскі үзіліс

14.00-15.00 ¼ финал

15.00-16.00 жартылай финал

16.00-17.00 финал

17.00-17.30 марапаттау рәсімі

5. ТУРНИР ҚАРАРЛАРЫ:

1-іріктеу: БП Әлемдік бестселлер бола алатын қазақ әдебиетіндегі шығарманы көрсетеді

2-іріктеу: БП. Мектеп бағдарламасына қосу керек пәнді атайды

3-іріктеу: БП. ҚР жастары арасындағы ең басты мәселені көрсетеді

¼ БП. Тәуелсіздік жылдарындағы ҚР үшін қабылданған ең басты заңнаманы көрсетеді

½ БП. «Алаш идеясын» жалпыхалықтық идеяға айналдырудың механизмін атайды

ФИНАЛ БП. Жастардың елдің дамуына үлес қосатын бағдарлама дайындайды

6. ПІКІРСАЙЫС ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

5.1. “Жастар жарқын болашаққа” СУР I облыстық пікірсайыс турнирінің жеңімпаздары I, II және III орынмен, “Ең үздік спикер” және “Үздік талпыныс” номинацияларымен мапаратталады.

Ескерту: оқушылардың классикалық формада болуы, екінші аяқ киім әкелуі міндеттеледі. Қосымша ақпараттар үшін Whats App топ ашылады

7. ӨТІНІМ ҮЛГІСІ

Мектеп атауы	Қатысушылар туралы мәлімет (аты-жөні, сыныбы)	Фракция атауы	Жетекшілердің аты-жөні, телефоны

«Дара сынып» жобасының ережесі

Мақсаты: Оқушы бойында ұлттық құндылықтарды дәріптеп, азаматтық-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру.

Жобаға мектептің 1-11 сынып оқушылары қатысады.

Жобаны ұйымдастыру: Мектептегі сыныптарға (әр сыныпқа жеке) бір танымал тұлғаның есімі беріледі, оқу жылында сыныптағы іс-шаралар сол тұлғамен байланысты өтеді. Сыныптардың атауына байланысты мектепшілік іс-шаралар ұйымдастыруға болады. Жаңа оқу жылында сынып атауы өзгереді.

Сыныптарға төмендегідей атаулар беруді ұсынамыз:

- 1-сынып: Қазақ батырлары
- 2-сынып: Билер
- 3-сынып: Өнер тұлғалары
- 4-сынып: Қазақтың ақын -жазушылары
- 5-сынып: Ел намысын қорғаған спортшылар
- 6-сынып: Қазақ хандары
- 7-сынып: Алаш арыстары
- 8-сынып: Физик-математиктер
- 9-сынып: Химик, биолог және географтар
- 10-сынып: Қоғам қайраткерлері
- 11-сынып: Ұлы ойшылдар

«Ұлылар мекеніне саяхат» жобасының ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: Қазақстанның тарихи, киелі жерлерімен танысу, ұлы тұлғалардың туған, өскен ортасы, өмірі мен шығармашылығы жайлы кеңінен мағлұмат беру, экспедициялық шығармашылық зерттеу жұмыстарын іске асыруға ықпал ету.

Міндеттері:

- ✓ танымдық саяхаттар ұйымдастыру;
- ✓ зерттеу жұмыстарымен айналысу;
- ✓ балалар, ата-аналар, мұғалімдердің бірлесе жұмыс жасауына ықпал ету.

Қатысушылар: Ұлытау облысының аудандық (қалалық) білім беру ұйымдарының 5-11 сынып оқушылары, колледж студенттері.

Экспедициялық топтар сыныппен, топпен, ұжыммен, отбасымен жинақталуы мүмкін.

Өткізудің шарттары мен тәртібі

1. Ұжым тақырыпқа сәйкес ұлы тұлғалардың мекендеріне, тарихи ескерткіштерге экспедициялық маршруттар ұйымдастырады.
1. Экспедициялық ұжым маршрут бойынша бейнетүсірілім, брошюра әзірлеп, басқаларға таныстырады.

«Ізгілік пен мейірім» акциясының ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: Өскелең ұрпақ бойында мейірімділік, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру және қоғам мүшелеріне үлгі көрсету.

Міндеттері:

- Қайырымды іс жасау;
- Өз ортасына, қоғамға қайырымды іс жасауға ықпал ету;
- Адамгершілік мінез – құлық қалыптастыру;
- Адамдар арасында жағымды көңіл-күй тудыру.

Акцияға қатысушылар: 1-11 сыныптар, колледж студенттері, педагогтер, ата-аналар.

Акцияның қадамдары:

1. Бір адам өзінің қалауымен бір қайырымды іс жасайды және сол қайырымды істі жалғастыру үшін 2 адамға челлендж жолдайды (қайырымды іс жасау қаржылық тұрғыдан емес, физикалық немесе эмоционалдық тұрғыдан қарастырылады);
2. Челлендж қабылдаған әрбір адам келесі екі адамға челлендж жолдайды, акцияға қатысушылар пирамидасы құрылады.

Қайырымды іс формалары: адамдарға көмек көрсету, кішкентайларға сабақ үйрету, адамдарға жылы сөз айту, өсімдіктерді күту, өзінің қолымен жасалған сыйлықтар беру, т.б.

Акцияның өту барысы **#ізгілік@мейірім2022** хэштегімен әлеуметтік желілерде жарияланады.

«Менің атаулы гүлім!» акциясы

Мақсаты: Өскелең ұрпақты еңбекқорлыққа және жауапкершілікке тәрбиелеу.

Міндеттері:

- балалардың гүлдерге күтім жасау және ұқыпты қарауын ұйымдастыру;
- экологиялық және еңбек тәрбиесін іске асыру;
- отбасылық қарым-қатынасты дәріптеу;
- табиғат қорғау қызметіне қатысу арқылы ата-аналардың бастамасы мен шығармашылық әлеуетін дамыту.

Акцияға қатысушылар: Мектепке дейінгі және жалпы білім беру мекемелерінің педагогтері, тәрбиеленушілері мен ата-аналары. Акцияға қатысу ерікті негізде жүзеге асырылады.

Акцияны ұйымдастыру мерзімі және өткізу тәртібі:

Акция 2022 жылдың 17 - 21 қазан аралығында өткізіледі.

Ата-ана мен баласы бірлесіп балабақшада немесе мектепте өздері қалаған гүлді отырғызады. Ол гүлге баланың есімі жазылады және гүл сынып (топ) бөлмесінде орналастырылады. Гүлді бала (оқушы) өзі баптап, өсіреді.

«Бізге аманат...» медиажобасының ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: Жетістікке жеткен оқушыларды насихаттау, еңбек адамын үлгі ету және отбасы құндылықтарын дәріптеу.

Міндеттері:

- Оқушылардың олимпиада, спорт, ғылыми жоба, т.б. жетістіктерін насихаттау;
- Қарапайым еңбек адамының еңбек жолын таныстыру арқылы үлгі ету;
- Ұлттық тәрбие құралы ретінде отбасы құндылықтарын арттыру;
- Оқушылардың, студенттердің және педагогтердің медиа және ақпараттық сауаттылықтарын арттыруға ықпал ету.

Жобаға қатысушылар: мектептің 8-11 сынып оқушылары, колледж студенттері және педагогтер.

Жобаны іске асыру үшін облыстық және аудандық (қалалақ) координаторлар тағайындалады. Облыстық координатор жобаны үйлестіреді. Әр апта сайын жетістікке (спорт, олимпиада, ғылыми жоба, т.б.) жеткен оқушы туралы, мектептегі мұғалім жайында, қарапайым еңбек адамына арналған және бір отбасы туралы подкаст жасау ұсынылады және ол желіде жарияланады.

Тақырыптық подкаст циклограммасы:

Мерзімі	Подкаст қонағы
Әр айдың 1 аптасы	Оқушы
Әр айдың 2 аптасы	Мұғалім
Әр айдың 3 аптасы	Еңбек адамы
Әр айдың 4 аптасы	Отбасы

**«Қазақстан, мен сенімен мақтанамын!» атты ұжымдық
композициялар шеруінің
ЕРЕЖЕСІ**

Мақсаты:

Өскелең ұрпақтың туған еліне, Отанына деген сүйіспеншілігін, мақтаныш сезімдерін арттыру, шығармашылығын дамыту, ұжымдық байланысты қалыптастыру, бос уақытты тиімді ұйымдастыруға ықпал ету.

Міндеттері:

- ✓ елімізге деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;
- ✓ өнерге қызығушылықты арттыру;
- ✓ қатысушылардың ой-өрісін, олардың шығармашылық қабілеттерін көрсету мүмкіндігін кеңейту;
- ✓ балалар, ата-аналар, мұғалімдердің бірлесе жұмыс жасауына ықпал ету.

Өткізу мерзімі: 2022 жылғы 10-20 қазан аралығында.

Қатысушылары:

Ұлытау облысының аудандық (қалалық) білім беру ұйымдарының 1-4 сынып оқушылары, ата-аналары, мұғалімдері.

Өткізудің шарттары мен тәртібі

Ұжым тақырыпқа сәйкес қазақ тіліндегі 1 әнге композициялар шеруін ұйымдастырады.

Ұсынылатын әндер тізімі:

№	Әннің аты	Авторы	Сілтемесі
1	Атамекен	Қ. Мырзалиев Е. Хасанғалиев	https://youtu.be/jYp0Oi6EBYc
2	Сәлем саған, туған ел	Ш. Сариев	https://youtu.be/OsQdTJyHQdQ
3	Қазақ елі	Ш. Сариев С. Бәйтереков.	https://youtu.be/UDe7z9FYnN0
4	Егемен елім	Қ. Жүнісов	https://youtu.be/Rv012LBtPac
5	Самға қазақ	М.Салықов С.Дүйсенғазин	https://youtu.be/YkbX1qxr-zw
6	Мен қазақпын	Жарасхан Төлебай	https://ok.ru/video/1807483471252
7	Қазағым жаса мәңгілік!	Кентау Назарбек	https://youtu.be/sOSR9VZqYgY
8	Қазақтай ел қайда?	Несіпбек Айтұлы Жарылқасын Дәулет	https://youtu.be/BecSADiLnAQ
9	Өз елім!	Қадыр Мырзалиев	https://youtu.be/KVtJdoaLwuo

		Нұрғиса Тілендиев	
10	Жаса, Қазақстан!	Анар Жапарқұлов Ержан Серікбаев	https://youtu.be/nLSj-VPFvUhttps://youtu.be/nLSj-VPFvU
11	Мен –қазақпын!	Жұбан Молдағалиев Ерболат Құдайбергенов	https://youtu.be/Knrk2yAlMwM
12	Алға, қазақ жігіттері!	Ержан Серікбаев	https://youtu.be/x7UqhPcTjkM
13	Батырлар ұраны	Ж.Даулет, Б.Әлқожа	https://youtu.be/Tf4CSYo7I7A
14	Біз – Отаның ұланымыз	Тұманбай Молдағалиев Нұрғиса Тілендиев	https://youtu.be/vdoa-seDOw4
15	Елге сәлем	Алтынбек Қоразбаев	https://youtu.be/kr09He7C-yY
16	Егемен ел-Қазақстан	Н.Алғашбаев	https://youtu.be/-Tb74fP37n0
17	Чемпиондар әні	Ермек Тайшибаев	https://youtu.be/DTGoAJLpdqQ
18	Ұлытау	Жақсыкелді Сейілов Сайлаухан Нәкенов	https://youtu.be/HXNifuZVfrA
19	Қазақстан бақытты	Руслан Мамытов	https://youtu.be/VXNM9TzGLIE
20	Тәуелсіз ел ұланы	Г.Жомаева	https://youtu.be/zt_fcTpq-t4
21	Біз Отанның бөбегі	Ердәулет Ернарұлы	https://youtu.be/KgMFFzi0qk0
22	«Мен бақытты баламын!»	Рауан Мырзабай	https://youtu.be/_d7kUJ0EEExU
23	Көк тудың желбірегені	Ермұрат Зейіпхан Алмас Ахметбекұлы	https://youtu.be/mn4JJP7pZbU
24	Біз бақытты баламыз	Ұшқын Жамалбек	https://youtu.be/ShJ4pf0rwXU
25	Ұландар	Балалар әні	https://youtu.be/06FG3oVH_uo
26	Туған елім — Қазақстан	Балалар әні	https://youtu.be/3qrQQ40ThS8
27	Туған елім	Бота Бейсенова	https://youtu.be/GsZawT5gErc
28	Туған Ел	Н.Тілендиев Т.Молдағалиев	https://youtu.be/L5BtCUlOaVg
29	Бақ қонған өлке (Туған жер)	Музарт тобының орындауында	https://youtu.be/MK8bc_7SxUc
30	Қазақстан-егемен ел	Нұржан Өмірбай Әділбек Жолдасбаев	https://youtu.be/Rv012LBtPac
31	Біз біргеміз	Сырым Әуезхан Ибрагим Ескендір	https://youtu.be/pJv3fVikC6k

**«Неткен сұлу, неткен көркем-Осы менің туған өлкем!»
атты өнер галереясының
ЕРЕЖЕСІ**

Мақсаты: балалардың көркем, шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың кәсіби бағдарын ынталандыру үшін жағдай жасау, туған өлкенсіне деген сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін қалыптастыру;

Міндеттері:

- балалардың эстетикалық сезімдерін, көркемдік қабылдауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- қатысушылардың ой-өрісін кеңейту, өздерінің көркем қабілеттерін, дағдыларын, қиялын және даралығын көрсету мүмкіндігі;
- шығармашылықпен жұмыс істейтін педагогтерді ақпараттық қолдау, көркем шығармашылық саласында балалармен жұмысты жетілдіру үшін білім беру ұйымдарының педагогтері арасында тәжірибе алмасу.

Қатысушылар: 1-11 сынып оқушылары, колледж студенттері.

Өткізу мерзімі: 10-20 қазан 2022 ж аралығы.

Бағыттары:

а) бейнелеу өнері (сурет) суреттер гуашь, акварель, қарындаш, фломастер және т.б. әртүрлі техникада орындалуы мүмкін;

б) модельдеу, мүсін, 3D принтинг, т.б сәндік-қолданбалы шығармашылық жұмыстар автордың қалауы бойынша кез-келген техника, кез-келген табиғи материал (саз, ағаш, сабан, мата, түрлі түсті қағаз және т. б.) материалдан жасалу ұсынылады.

«I love KZ» фотогалереясының ЕРЕЖЕСІ

Мақсаты: театр, мұражайға бару және ескерткіштердің тарихын зерттеу арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру.

Міндеттері:

- Өлкенің тарихи және табиғи ескерткіштеріне деген қызығушылығын дамыту;
- Оқушылар мен студенттердің рухани дүниесін дамыту, өнерге баулу;
- Өскелең ұрпақтың патриоттық тәрбиесін қалыптастыру.

Қатысушылар: 8-11 сынып оқушылары, колледж студенттері.

Өткізу мерзімі: 17-21 қазан 2022 жыл аралығы.

Іске асыру формалары: оқушылар мен студенттер кез – келген тарихи (қаладағы ескерткіштертер), табиғи (кең дала, тау, өзен-көл, т.б.) ескерткіштерді және мұражай, театрға барып көргендерін суретке түсіреді немесе селфи жасайды. Суретті **#IloveKZ2022** хэштегімен әлеуметтік желілерде жариялайды және суреттегі тарихи, табиғи ескерткіш және мұражай мен театрдағы көргені туралы қысқаша ақпарат береді.

«ОҚҰ алаңы» жобасы

*Кітап - өмір ұстазы. Кітап оқымай
өмірді білу, білім алу мүмкін емес.
Серке Қожамақұлов*

Мақсаты: Кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Мектеп оқушыларының кітіп оқу белсенділігін дамыту;
- Оқушылардың оқырмандық мәдени тәрбиесін, көркем әдебиетке, кітапқа деген қызығушылын арттыру;
- Жас ұрпақтың рухани байлағын дамыту.

Жобаға қатысушылар: Оқушылар, студенттер, ата-аналар, педагогтер

Жобаны іске асыру формалары: QR викторина, сторителлинг, театр-экспромт, әдеби кафе, букслэм (BookSlam), поэзиялық кеш, READx, букчеллендж, анимация, арт-галлерия, бейнемазмұндама, т.б.

Жобаны іске асыру циклограммасы:

Мерзімі	Қадамдар
Мектепшілік деңгейде <i>Әрбір сынып (топ, отбасы, ұжым) жылына кемінде 5 кітап оқуы тиіс</i>	
Әр айдың 1-аптасы	ҚР Оқу-ағарту министрлігі ұсынған тізбеден кітап таңдау
Әр айдың 2-3 аптасы	Бірлесе оқу (сыныппен, топпен, отбасымен, ұжыммен)
Әр айдың 4-аптасы	Оқыған кітап желісімен жоғарыда ұсынылған форматтарда іс-шара ұйымдастыру
Аудандық (қалалық) деңгейде	
1-тоқсан	READx
3-тоқсан	Букслэм (BookSlam)
Облыстық деңгейде	
2-тоқсан	Кітапқұмарлар балы
4-тоқсан	«Оқуға құштар отбасы» сайысы

